

З.Н.Жуынтаева, М.А.Турсунова

Употребление словосочетаний в древнетюркском языке

В статье рассмотрены особенности употребления словосочетаний в древнетюркском языке. Указаны синтаксическая связь и способность окончаний падежей, спряжений, множественного числа формировать словосочетания. Связь слов в предложениях осуществлена с помощью порядка слов, интонации, служебных слов. Авторами статьи приведены языковые факты. Проявление в древнетюркских памятниках видов связи слов современного казахского языка определено историческо-сравнительным методом.

Z.N.Zhuynntaeva, M.A.Tursunova

Application of phrases in drevnetyurksky language

In the article application of word-combinations is considered in a древнетюркском language. Syntactic connection and ability to form the word-combinations of completions of cases, conjugations, plural are specified. Connection of words in suggestions comes true by means of order of words, intonation, empty words and it in the article is proved by language facts. Display in the monuments of kinds of connection of words of modern Kazakh of осуществлены by a historical-comparative method.

ӘОЖ 81'

Ж.Д.Рапишева, С.А.Төленова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: R_Zhanat@mail.ru)***Қазақ тіліндегі алғашқы іс қағаздарындағы терминдік атаулар**

Мақалада қазақ тіліндегі іс қағаздарының алғашқы үлгілері мен олардың тілдік ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеу еңбектеріне сүйеніп отырып, ресми іс қағаздарының алғашқы түрлері көне дәуірлерден бастау алатыны сөз болып, тұңғыш қазақ газеттерінде басылған қатынас қағаздары мен құжаттардың тілі қазіргі қазақ тілімен салыстырыла талданды. Қазақ іс қағаздар тілінің қалыптасу кезеңдерін көрсететін түрлі тілдік фактілер келтіріліп, қазақ тіліндегі алғашқы іс қағаздарында кездесетін терминдік атаулар мен қолданыстар сипатталды.

Кілтті сөздер: іс қағаздары, іс қағаздарының алғашқы үлгілері, іс қағаздарының түрлері, іс қағаздарының тілі, ресми құжаттар, терминдік атаулар, терминдік қолданыстар.

Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу заман талабына сай жүргізілуі үшін ресми және іс қағаздары терминдерінің қалыптасу тарихын, қазіргі тілімізде берілу барысын, жасалу жолдары мен тәсілдерін, қолданылу ерекшеліктерін анықтау қажеттілігін туындатты.

Қазақ іс қағаздары тілінің тарихы сол тілдің иесі болып табылатын халық тарихымен, іс қағаздарын қатынас құралы ретінде қолданған қоғам тарихымен тығыз байланысты екендігі даусыз. Сондықтан қазақ іс қағаздар тілінің тарихын зерттеуде зерттеушілер екі принципті басшылыққа алады. Бірінші принцип — қазақ іс қағаздар тілінің тарихын, оны туғызған, тілдік қатынас ретінде пайдаланған қоғам тарихымен тығыз байланыста, бірлікте қарау принципі. Өйткені тілдің дамуы қоғамның дамуына, оның экономикалық, мәдени өміріндегі өзгерістерге байланысты болады. Екінші принцип — қазақ іс қағаздар тілінің қалыптасу кезеңдерінде кездесіп отыратын түрлі тілдік фактілерді, тілдік ерекшеліктерді қазіргі қазақ тілімен салыстыра қарау принципі.

Зерттеушілер қазақ әдеби тіліндегі ресми стильдің қалыптасу кезеңі мен оның түрлері туралы әр түрлі пікірлерді ұстанады. Кейбір тілші-ғалымдардың пікірінше, қазақ қаламгерлері XVI ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақтың көне жазба әдеби тілінде ресми іс қағаздарын жазды, өзара хат жазысты.

Қазақ тілші-ғалымдарының зерттеулеріне қарағанда, қазақ әдеби тілі тарихында іс қағаздарының алғашқы үлгілері ертерек кезеңде, XVIII ғасырдың II жартысы мен XIX ғасырдың I жартысында, одан кейінгі үлгілері XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында пайда болды. Ол — қазақтың хан, сұлтан, старшындарының Орыс империясының әкімшілік орындарына жазған құжаттары мен өзара жазысқан хаттары. XVIII ғасырдың II жартысындағы ресми қағаздар ресей мұрағаттарында сақталған. Олардың тілі мен сөздік құрамы түркі халықтарына ортақ болған (*елии, бітім, гарызнама, мағлұмнама, ағланнама, Тәукенің «Жеті жарғысы»* т.б.).

Белгілі ғалым Р.Сыздықованың көрсетуінше, ресми іс қағаздары стилі қазақ тілінде ертеде қалыптаса бастаған, қазақ хан-сұлтандарының орыс әкімшілік орындарымен жазысқан көптеген хаттары, арыздары мен мәлімдемелері XVIII ғасырдан бастап архивтерде сақталған. Солардың кейбірі (1785–1828 жылдары аралығында жазылған қазақтың хан, сұлтан, старшиналарының хаттарын) тарихшы М.П.Вяткиннің «Материалы по истории Казахской ССР» деген кітабында жарияланды. Сонымен бірге архивтер мен кітапханалардың сирек қорында біраз ресми құжаттар үлгілерін табуға болады [1; 33].

XVIII–XIX ғасырларда қолданылған ресми қағаздардың стильдік ерекше белгілеріне Р.Ф.Сыздықова, біріншіден, *гизатлу, хурматлу* (уважаемый), *мархабатлу* (милостивый, всемилостивый), *сағадатлу* (блаженный), *биік мартабалу* (высокостепенный), *гинайатлу* (всеблагий), *құдратлу* (всемогущий), *шафағатлу* (милосердный) тәрізді сын есімдерді жатқызады. Екіншіден, бұл құжаттардағы сөздердің басым көпшілігі қазақ тілінің емес, ортаазиялық әдеби тіл мен татар тілдерінің деген тұжырым жасайды [1; 167–173].

Зерттеушілердің айтуынша, «... қазақша ресми іс қағаздары стилі екі түрлі арнадан сусындады. Оның бірі — сонау көне дәуірлерден бермен қарай үзілмей келе жатқан хан жарлықтары және басқа да ресми құжаттар үлгілері. Сонымен қатар XIX ғасырда қазақ жерінің Ресей мемлекеті қол астына кіруіне байланысты орыс әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары, заңдары мен қатынас қағаздары қазақшаға аударылып, қазақ ішіне тарады» [1; 114, 115].

Профессор Б.Әбілқасымовтың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» деген монографиясының «Ресми іс қағаздары үлгілері және олардың тілдік сипаттамасы» деген тарауында баспа бетінде жарияланып, көпшілікке тараған құжаттардың тіл ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Ғалым әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтарына қатысты материалдарының алғашқылары болып саналатын «1852 жылғы Орынбор шекара комиссиясының жергілікті қазақ әкімдеріне жолдаған қатынас қағазын», «1890 жылдың 29 майында 1071 нөмірлі Далалық генерал-губернатордың қыр облыстарының бастықтарына жолдаған жарлығын» алып, олардың тілдік ерекшеліктерін талдаған. Сонымен қатар бұл еңбегінде «Қазақша заң жинақтары мен ережелері» (1885 жылда шыққан) деген тақырыпта ресми құжаттың лексикасын, грамматикалық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеген. Бұл құжаттың айрықша құндылығы ретінде ғалым құжаттың жазылуына Абай Құнанбаевтың қатысуын атап өтеді [2].

Бұл кезде әкімшілік орындарының түрліше бұйрық-жарлықтары (повеления, указы, указы) *ярлық, әмір ярлық, фарман* түрінде кездеседі, қазақша *бұйрық* сөзі әлі жоқ. Мұның біріншісі түркі тілдерінде ежелден келе жатқан *ярұқ-ярлық-жарығ* (жеті жарғы) *жарлық* сөзі де, екіншісі осы мағынаны білдіретін араб сөзі, бұл көбінесе хан, сұлтан, қазылар тарапынан берілетін *указ* дегенге сай келеді. *Фарман* сөзі *пәрмен* түрінде халық тіліне де енсе керек: *Патшадан пәрмен болған соң* («Қамбар»), бұл сөзді Н.И.Ильминский де сөздігіне (1861) *пәрмен* — *повеление* деп енгізген [1; 230].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында патша үкіметінің жергілікті әкімшіліктерінің жарлық-бұйрықтары мен нұсқау-хаттары, әр түрлі қатынас қағаздары, заңдар мен ережелер сияқты ресми құжаттар қазақ тіліне аударылып, мерзімді баспасөз бетінде жарияланып отырды. Кейбір ережелер (мысалы, 1885 ж. Қарамола съезінде қабылданған Заң ережесінің 1886 ж. қазанда жарық көруі) жеке кітапша болып та басылды.

Басылып шыққан ресми құжаттардың басым көпшілігі, сол сияқты қолжазба түрінде сақталған хаттар араб графикасымен жазылған. Бұл жағдай олардың орфографиясында түркі әдеби тіл дәстүрінің толық сақталуын, қазақ тіліне тән дыбыстық заңдылықтарын еленбеуіне, жарыспалылыққа, яғни қазақша-«түрікше» екі варианттылыққа мүмкіндік берді. Қазақ жазба әдеби тілінің қалыптасу дәуіріндегі ресми қағаздары дәстүрін негізге ала отырып дамыды және орыс тіліндегі ресми қағаздары стилінің кейбір элементтерімен толықты.

Р.Сыздықованың айтуынша, «Орта Азия жазба тіл элементтерін молырақ пайдалану — бұл стильді өзгелерден айыратын басты белгі. Мұнда стандарттық күштірек сақталады. Әсіресе бұлардың

емлесінде, сөз таңдауында, морфологиялық тұлға-тәсілдерді пайдалануында, тіпті синтаксистік құрылымында да «түркілік» сипат айқын көрінеді». Лексика мен грамматика саласындағы бұл белгілер осы стильді құрайтын нұсқалардың бірінде толық сақталса, бірінде бірен-саран кездеседі. Мұндай ауытқулар аудармашының кім, қай ұлттың (татар, қазақ, башқұрт) өкілі болғандығына, оның білім дәрежесіне, әсіресе саяси-идеялық көзқарасына байланысты болса керек.

XIX ғасырдың II-жартысында жарық көрген қазақша үлгілерде ресми-іс қағаздар стиліне өзіндік ерекшеліктер (кейбір стандарт сөздер мен тұрақты тұлғалар, баяндау формасы мен стилі) қалыптасып, тұрақтала түсті. Осы стиль көлемінде заң, әкімшілік терминдері қалыптаса бастады. Бірақ мұнда терминология саласында да, грамматикалық тұлға-тәсілдерді пайдалануда да нормалау үдерісі әлсіз болды.

Сонымен, зерттеушілердің көрсетуінше, «... қазақша ресми іс қағаздары стилі екі түрлі арнадан сусындады. Оның бірі — сонау көне дәуірлерден үзілмей келе жатқан хан жарлықтары және де басқа да ресми құжаттар үлгілері. Сонымен қатар XIX ғасырда қазақ жерінің Ресей мемлекетінің қол астына кіруіне байланысты орыс әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары, заңдары мен қатынас қағаздары қазақшаға аударылып, қазақ ішіне тарады».

XIX ғасырдың II-жартысында қазақ тілінде ресми қағаздары стилі (ресми қаулы-қарарлар) біршама дамыды. Оған патша үкіметінің түрлі әкімшілік, заң, әскери орындарының бұйрық-жарлықтары, ереже-нұсқаулары мерзімді баспасөз беттерінде («Түркістан уәлаяты газеті» мен «Дала уәлаяты газетінде») қазақ тіліне аударылып, жариялануы ресми қағаздар тілі мен стилінің одан әрі дамып қалыптасуына ықпал еткені сөзсіз. Газеттердің бетінде *жарлық, тіркеу, шағым, фарманнама, хыйсаб, хыйсаб дәптері* тәрізді терминдер мен лексикалық топтарды кездестіруге болады.

Қазақ тіліндегі тұңғыш басылымдар болып табылатын «Түркістан уәлаяты газеті» мен «Дала уәлаятының газеті» әскери губернаторлардың бұйрықтарын жариялап тұрған. Алғашқы газеттер тілінен XIX ғасырдың II-жартысында қазақ тілінің қоғамның барлық жағын суреттей алатын тұрақты сөздік қорының болғаны байқалады. Бұл кезде әлеуметтік-саяси ұғымдарды атайтын сөз топтары қалыптасты. Олардың біразы терминдік сипатқа ие болды. Ол үшін байырғы сөздерге жұрнақ жалғап жаңа сөз жасау тәсілі қолданылған.

Мысалы: сол кезде патша әкімшілігінің *приказ, распоряжение* деген қағаз атауларын қазақша беру үшін бұрынғы *бұйрық* және *жарлық* сөздерін жаңа мағына үстеп, оларды әкімшілік терминіне көтерген. Зерттеуші Б.Әбілқасымовтың айтуына қарағанда, «ТУГ» бұл ұғымның екеуін де *бұйрық* сөзімен білдірген. Ал «Дала уәлаяты газетінің» алғашқы жылдағы нөмірлерінде орыс тіліндегі *приказ, распоряжение* деген сөздер қазақ тіліне бір ғана араб сөзімен *фарманнама* деп аударылса, кейін бұл сөздің орнына қазақтың өз сөздерін пайдаланып, *приказды — бұйрық, распоряжениені жарлық* деп дифференциялап аударатын болған.

Сол сияқты орыстағы *волость* сөзі көп уақыт газетте *ел* деп аударылып беріліп келген, тек 1900 жылдардан былай қарай *болыс* сөзімен ауыстырылған, ал *ел* бұдан кең ұғымды қамтитын сөз ретінде (мысалы, *қазақ елі*) қолданылатын болған. Ал, «Түркістан уәлаятының газетінде» *приказ, распоряжениенің* екеуі де *бұйрық* сөзімен, *волость* сөзі *болұс* түрінде берілген.

Негізгі сөздік қорға жататын кейбір сөздердің газет материалдарында берген мағынасы қазіргі әдеби тіліміздегі мағынасымен бірдей емес. Мәселен, *қауым* деген сөз газетте қазіргі тіліміздегі *қоғам* дегеннің орнына (орыс тіліндегі *общество* деген сөздің баламасы ретінде) қолданылған. *Қазнаны ғәм жер шаруасын басқаратын министрстволар хабар алыбды, Түркістанның шаруа қауымы ғәм императорски русски технически бөлменің қауымы Ташкент шаһарында шаруа ғәм өнер іс турасынан бистафка ашады деген* («Дала уәлаяты газеті». — 1896. — № 49).

Мұндағы *шаруа қауымы* орысшадағы *общество сельского хозяйства, технически бөлменің қауымы — отделение технического общества* дегеннің орнына қолданылып тұр. Соңғысында сөздердің орын ауыстырудан тіркестің мағынасы бұзылып тұр. *Қауым* сөзінің *обществоның* орнына қолданылуы.

Сондай-ақ *қауым* сөзі тағы бір жерде орыстың *публичный* деген сөзіне балама ретінде қолданылған: *публичная библиотека — көп қауымға тиісті кітапхана* («Дала уәлаятының газеті». — 1896. — № 3). Қазіргі әдеби тілімізде *қауымның* жоғарыдағы мағыналарын *қоғам, көпшілік* деген сөздер береді де, ол *қауымның* мағынасы ол кездегіден едәуір тарылып, белгілі бір стильде ғана *бұқара, көпшілік* деген мағыналарда қолданылып жүр [3].

Бұл дәуірдегі баспасөзден біз сот істерімен байланысты қалыптаса бастаған заң терминдерін көптеп кездестіруге болады. Ең бастысы, юриспруденциямен байланысты лексикада қазақтың

бұрыннан қолданылып келе жатқан сөздерінің термин ретінде көбірек пайдаланылуы назар аудартады. Оның себебі ол кезде біраз уақыт азаматтың соттармен қатар дәстүрлі билер сотының қатар өмір сүруінде болуы керек. Сондықтан билер сотында қалыптасқан терминдер азаматтық сот істерінде де кеңінен қолданылған, мысалы: *қуғыншы, жоқшы, жауапкер, жазакер, қорғаушы, куәгер, жаза, билік*.

XX ғасырдың басындағы іс қағаздары, негізінен, аударма материалдар болып келеді. Бұл кездегі іс қағаздары стилі XIX ғасырдың II-жартысына қарағанда дамып жетіле түсті. Дегенмен, Б.Әбілқасымовтың көрсетуінше, «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақша іс қағаздарының тілінде көне түркі әдеби тілдік дәстүрлі грамматикалық формалар мен сөз өрнектері көп уақыт бойы сақталып келді. Олар уақыт озған сайын, қазақ арасынан шыққан оқыған интеллигенттердің саны көбеюімен байланысты өзгеріске ұшырап, ондағы өзге тілдік элементтер халықтық формалармен алмастырыла бастады».

XX ғасырдың басындағы ресми іс қағаздары тілінің лексикалық ерекшеліктері — олардың мәтіндерінен араб-парсы сөздері, көне түркі тілінің және орыс тілінің элементтері, диалектизмдер, қазіргі тілде айтылмайтын терминдік атаулар, татар, түркі тілдерінің элементтерінің кездесуі болып табылады. Бұл кездегі әдеби тілде лексикалық жарыспалылық (варианттылық) орын алған (*низам/заң/закон; мерзім/уақыт/мезгіл/срок; бап/статья; шығын/расход; айып/штраф; жоба/проект*) т.б.

Қазан төңкерісінен кейінгі жылдар — қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдерінің жеке-жеке қалыптасып, сараланып, дами бастаған кезеңі. Бұл дәуірде әдеби тіліміздің лексикасы, төңкерістен бұрынғы күйімен салыстырғанда, жан-жақты толығып, жетіле түскені сөзсіз.

Дегенмен, бұл кезеңдегі ресми стильдің тіліне тән құбылыс — бір мағынаны, ұғымды атау үшін бірнеше синонимдердің, вариант сөздердің қолданылуы болды: *арыз//өтініш; хабарландыру// құлақтандыру; жоспар// план; баға// бәс* т.б.

Қазан төңкерісінен кейін, 1920 жылғы 4 қазанда, ҚазАССР-інің құрылуына байланысты, Қазақстан дербестік алып, мәдениеті мен әдебиетінің дамуына жол ашылды. 1921 жылғы ақпанның 2-сіндегі «Республиканың мемлекеттік мекемелерінде орыс, қазақ тілдерін қолдану туралы» № 19 декреті бойынша қазақ тілі орыс тілінің шылауына тіркелді (ҚырАССР Орталық Атқару комитеті, халық Комиссарлар Кеңесі Декретінің № 1 жинағы, 174–175-б.).

1923 жылы қараша айында «Тіл туралы» қабылданған тұңғыш Декретте қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік дәрежеге ие болып, мемлекет тілі болып жарияланды. Декретте көрсетілгендей, мемлекеттік және қоғамдық мекемелерде, ұйымдарда іс қағаздарын орыс тілімен бірге қырғыз (қазақ) тілінде де жүргізу көзделді. Бұған байланысты ана тіліміздің қолданылу аясы біраз кеңейді. Қазақ тілінің бұрынғыдай тек сөйлесуде ғана емес, қоғамдық- әлеуметтік қызметі де жан-жақты дамып, арта түсуіне жағдай туды, ол күнделікті саяси, мәдени, ғылыми, үгіт-насихат жұмыстарында, оқу-ағарту ісінде кең қолданыла бастады.

Архивте сақталған құжаттарға сүйенсек, қазақ тілін жақсарту жөнінде 16, орыс тілі жөнінде 15, іс қағазын қазақ тіліне көшіру жөнінде 18, орыс және қазақ тілдерінде қатар жүргізу туралы 3 қаулы қабылданыпты. Алайда қазақ тілінде орыс тілімен қатар іс қағаздарын жүргізу жұмысы бірнеше рет қолға алынса да, бұл салада жұмыстар істелсе де, тиімді нәтиже шықпағаны мәлім. Бұған ашаршылық, тәркілеу, қуғын-сүргін кезеңі, Ұлы Отан соғысы, тың игеру, демографиялық ахуалдың ауытқуы сияқты ауыртпалықтардың салқыны тигені аян.

Зерттеушілер қазақ тілінде термин жасаудың алғашқы кезеңін XIX ғасырдың II-жартысынан бастайды. Ш.Құрманбайұлының айтуынша, жалпы термин шығармашылығының, оның ішінде қазақ лексикасы терминденуінің «алғашқы кезеңін» осы сөз болып отырған уақыт аралығындағы термин жасау процесіне тән ерекшеліктерден білуге болады [4].

Осы XIX ғасырдың екінші жартысындағы термин мәселесін сөз еткен ғалымдардың «терминология», «ғылыми терминологияның элементтері», «ғылыми стиль» демей, «жартылай ғылыми стиль», немесе «ғылыми термин», деп атамай «терминдік мәнде жасалған» деулерінде үлкен мән жатыр. Өйткені термин нағыз толық мәніндегі ғылыми термин ретінде қолданылуы үшін оның өмір сүру ортасы, ғылыми терминология, қалыптасқан ғылыми стиль болуы шарт. Қарастырылып отырған кезеңде бұлардың енді-енді ғана орнығып келе жатқанын ескерсек, ғалымдардың шындықтан ауытқымай әр ұғымды өз атымен атауда мақсат еткені байқалады.

Зерттеушілердің айтуынша, жалпыхалықтық тілдегі жекелеген сөздер терминдік мәнде жұмсалып, орыс тіліндегі термин сөздердің баламасы ретінде қолданыла бастағанымен, бұл тұста терминдену термин шығармашылығының дербес тәсілі ретінде таныла қойған жоқ.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қоғамда болған жаңа құбылыс, жаңа құрылыс, жаңа қарым-қатынас жаңа ұғымдарды туғызды. Бұл жаңа ұғымдарды белгілеу үшін жаңа атаулар қажет болды. Ресми іс қағаздары лексикасының құрамы жаңа ұғым, қолданыстарды белгілеу үшін жаңа атаулармен, жаңа терминдік тіркестермен толық бастады. Олар ана тіліміздің байырғы сөздері негізінде жасалды (*бұйрық, заң, қаулы, қарар, нұсқау, іс жүргізу, жиналыс, келісім, құлақтандыру, хабарландыру, шешім, шығыс, есеп, кіріс, мекеме, арыз, жергіліктендіру* т.б.) және орыс тілінен тікелей терминдер мен лексикалық топтар (*протокол, акт, архив, адрес, журнал, вексель, секретарь, комиссия, бригада, ведомость* т.б.) қабылданды.

Іс қағаздары терминдері де лексикалық қордың басқа стильдік топтарының құрамындағы атаулар сияқты жаңа сөздермен толығып не болмаса терминдік мәнінен ажырап, қолданыстан шығып қалып отырады. Яғни бұл саладағы терминдер құрамында да сөздердің көнеруі (архаизм сөздерге айналуы) және жаңа қолданыстардың (неологизмдердің) пайда болуы — заңды құбылыс. Мұндай өзгерістерге әр түрлі тарихи әлеуметтік оқиғалар, бұл оқиғаға берілген әр қилы баға мен қоғамдық пікірлер түрткі болады. Бір кезде адамдар арасындағы қатынасты жүйелі түрде жүргізуші, әділет нормасын сақтап қорғаушы, қылмыстыға жазалау үкімін шығаратындар билер болғаны белгілі. Ол кезде *би* сөзі құқық қорғау ұйымының қызметкері дегенді білдірсе, кейін осы мағынаны «сот» атауы атқара бастағанда, *би* сөзі архаизмденіп, оның қызметін атқарып отырған сөз (*сот*) термин құрамына енді. Сөйтіп, заң терминдері құрамында неологизм пайда болды.

Қазіргі ресми іс қағаздар тілінде жиі кездесетін *ұйымдасу* етістігі 1920–30 жылдардағы ресми іс қағаздар тілінде *ұйысу, ұйымдастыру* түрінде қолданылған екен. Мысалы, *партия ұйымдастырушы, ұйымдастырушылар, бірте-бірте ұйымдастырып, милитсия ұйыстырылды* т.б. Бұл кезеңдегі орыс тіліндегі *организация* термині ұя деп алынған. *Организовать* етістігінің *ұйыстыру* түрінде аударылуы да осыған байланысты. *Организация* атауының баламасы ретінде алынған ұя сөзі әдеби тілімізге сіңіп кете алмады. Оның орнына бірте-бірте *ұйым* термині орныға бастады. Осыған байланысты *ұйысу* етістігі де, *организация* атауының *ұйым* түрінде аталуымен байланысты *ұйымдастыру* болып қалыптасып кетті. Яғни 1920–30 жылдардағы ресми іс қағаздар тілінде *организовать* етістігінің алдымен *ұйыстыру* делінуі, кейіннен *ұйымдастыру* түрінде алыну себебі, *организация* сөзінің әуелі ұя формасында, одан кейін өзгеріп, *ұйым* болып қолданылуына байланысты.

Қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылатын *тапсырма* сөзі ол кезде *тапсырыс* түрінде де қолданылып отырған. Мысалы, *тапсырыс берген, тапсырысты орындау, бұдан кейінгі тапсырыс* т.б. Бұл кезеңдегі *-ыс, -іс*, қосымшасының қолданылуы функционалдық стильдердің қай-қайсысында да кең етек алған [5].

Қазақ әдеби тіліндегі іс қағаздар стиліне грамматикалық ерекшеліктер де тән болып келеді. Іс қағаздар стилінің грамматикалық ерекшеліктері туралы айтқан кезде, оның морфологиялық сипаты туралы мардымды тілдік фактілердің өте аз екенін ескерткіміз келеді. Морфологиялық көрсеткіштер тілдің басқа салаларының элементтері сияқты стилистикалық бояуға ие бола алмайды, стилистикалық қызмет атқаруда сирек кездеседі. Морфологиялық категориялар әдеби тілдің функционалдық стильдерінде бейтарап сипатта келеді. Функционалдық стильдердің барлығы морфологиялық формаларды қанша қолданса да, оларға айдар тағып, сол стильдің морфологиялық ерекшелігі деп айту өте қиын. Дегенмен, іс қағаздар стиліне тән бірлі-жарым морфологиялық ерекшеліктердің бар екендігін іс қағаздар құжаттардың тілін зерттеу барысында көз жеткізуге болады.

Қоғам дамуы арқылы тіл де дамиды. Бірақ тілдің даму деңгейі оның барлық салаларына бірдей тән емес. Оның белгілі бір қабаты өзгеріс, өріске онша көне бермейді. Ал оның қайсыбір қатпарлары жаңалыққа иін беріп, жаңа мағыналық ұғым-түсініктер әкелуге бейім тұрады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, дамыған, жетілген тілдің басты көрсеткішінің бірі оның терминдік жүйесінің саралануы болып табылады.

Іс қағаздарының негізгі қызметтерінің бірі — қоғамдық сана, оның ішінде құқықтық сана қалыптастыру. Кез келген іс қағазының заңдық күші бар, кез келген іс қағазындағы мәлімет заңдық күші бар құжаттар негізінде беріледі. Заңға байланысты сөздер іс қағаздарының барлық түрлерінде дерлік кездеседі. Дегенмен, іс қағаздарының сипаты мен мазмұнына қарай олардың қолданылу жиілігінің деңгейі де әр түрлі болады.

Сонымен, ресми стильдегі іс қағаздарының негізгі қызметі — басқару, ақпарат беру, қарым-қатынас құралы болу. Сондықтан іс қағаздарында бұл қызметтерді жүзеге асыратын лексиканың негізгі бөлігі қоғамдық-саяси лексика болып табылады. Іс қағаздары жанрларының түрлілігіне қарай ондағы қоғамдық-саяси лексиканың қолданылу жиілігі бірдей деңгейде болмайды. Іс қағаздар тілінде жиі қолданылатындары: әлеуметтік топ атаулары, өндіріс пен ауыл шаруашылығына байланысты атаулар, әскери атактар мен түрлі қызмет атаулары, мемлекеттік басқару органдары, министрліктер, ведомстволар, мекемелер мен ұйымдар, оқу орындары т.б. атаулар. Себебі кез келген іс қағазының құжат ретінде танылуының өзі оның заңдық негізінде жатыр дейді мамандар.

Тілдің терминологиялық лексикасы екі жолмен жасалатыны мәлім. Оның бірі — ұлттық тілден жасалған терминдер де, екіншісі — өзге халықтың тілінен қабылданған терминдер қатары. Іс қағаздары терминдерін қалыптастырудың үш жолы бар деп есептейді зерттеушілер: біріншісі — халықаралық терминдер, екіншісі — аударма арқылы енген терминдер, үшіншісі — терминдік сипаттағы сөздер ресми стильде, сонымен қатар публицистикалық стильде қолданылып, екінші жағынан, мағыналық стильдік реңкті иеленетін, бірінің орнына бірі қолданылатын терминдік сөздер.

Іс қағаздары терминдерінің ішінде қазақша бір сөз бірнеше ұғымдарға атау болып жүргенін, немесе, керісінше, шетелдік бір термин бірнеше вариантпен қолданылатынын да кездестіруге болады. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген іс қағаздары терминдері мен терминдік тіркестері — қазақ тілінде бұрыннан қолданылып жүрген сөздерге қосымша қосу, біріктіру, тіркестіру арқылы жасалған сөздер. Сонымен қатар ресми тілде бір компонентті және көп компонентті, яғни бірлескен сөздер тіркесінен тұратын, терминдер жиі кездеседі.

Іс қағаздары терминдерінің жасалу жолдарын мен берілу тәсілдерін қарастыра отырып, олардың негізінен, қазақтың төл сөздерінен жасалғанын анықтадық. Өйткені қазақ тілінің сөздік қорының термин жасаудағы, әсіресе тіліміздегі байырғы сөздердің термин жасаудағы мүмкіндіктерінің шексіз екендігі даусыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 319-б.
- 2 Әбілқасымов Б. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. — Алматы: Ғылым, 1982. — 224-б.
- 3 Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. — Алматы: Ғылым, 1971. — 228-б.
- 4 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. — Астана: Елорда, 2002. — 122-б.
- 5 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1996. — 53-б.

Ж.Д.Рапишева, С.А.Төлөнова

Терминопотребление в первых образцах казахских деловых бумаг

В статье рассмотрены первые образцы деловых бумаг и их языковые особенности. На материале первых газет и официальных бумаг на казахском языке раннего периода исследована история формирования и развития терминологической лексики делопроизводства. Авторами статьи проанализированы особенности употребления и образования первых терминов в официально-деловой документации, охарактеризованы факторы, способствующие развитию терминологии делопроизводства, а также казахского языка как государственного.

Zh.D.Rapisheva, S.A.Tolenova

Terminopotrebleniya in the first samples of the Kazakh official papers

In article the first samples of official papers and their language features are considered. The authors shows real examples of that many of terms word be consist by Kazakh works, on a material of the first newspapers and official papers in the Kazakh language of the early period the history of formation and development of terminological lexicon of office-work is investigated. Authors of article analyze features of the use and formation of the first terms in official documentation. Authors characterize the factors promoting development of terminology of office-work, and also the Kazakh language as state.